

**1-БЛОК: Жалпы кәсіптік пән**  
**Материалтану**  
**Бір дұрыс жауабы бар тапсырмалар**

1. Сомдалған шойындағы графиттің түрі
  - A) Вакансия
  - B) Үлпек тәрізді
  - C) Дислокация
  - D) Пластинка
  - E) Шариктер
2. Домна пешінің жылу шығындарын азайту және қаптаманы жоғары температуралар, сұйық металл мен қождан, контактіден сақтау үшін арналған қалама
  - A) Көрік
  - B) Арна
  - C) Қаптама
  - D) Шегендеу
  - E) Фурма
3. Шойын өндірісінің негізгі материалы
  - A) Окамыштер
  - B) Кокс
  - C) Темір рудасы
  - D) Концентрат
  - E) Агломерат
4. Жоғары температуралық дәнекерлеу кезінде қол жеткізіледі
  - A) Илімділікке
  - B) Қышқылсыздандырғышқа
  - C) Иондаушылыққа
  - D) Ыстыққа беріктікке
  - E) Тұтқырлыққа
5. Дәнекерлеу операциясының ерекшеліктері
  - A) Беттерді тотығудан қорғау үшін флюстер қызмет етеді
  - B) Ыстыққа тұрақсыздығы
  - C) Коррозиялық тұрақтылығы
  - D) Графитті электродтар қолдану
  - E) Жанғыш газдар пайдалану

6. Тікелей оттегі ағымымен кесілмейтін материалдар
- A) Шойын
  - B) Мырыш
  - C) Төмен легіріленген болат
  - D) Орташа көміртекті болат
  - E) Вольфрам
7. Газбен пісіру үрдісіндегі газ шілтерлері қамтамасыз етеді
- A) Жанғыш газ қысымын реттеуді
  - B) Саңылаусыз жалғаулар алу
  - C) Қатты қорытпаларды балқыту
  - D) Оттегі мен жанғыш газдың араласуын
  - E) Жанғыш газ темпарутарасының реттелуін
8. Электрод жабындысының қалыңдығы бойынша электр доғалы пісіру
- A) Тұрақтандырғыш
  - B) Жұқа
  - C) Қорғаныстық
  - D) Илімді
  - E) Жіңішке
9. Табақшалы штамптау операциясы
- A) Жаймалау
  - B) Тарту
  - C) Тесу
  - D) Тасымалдау
  - E) Сомдау
10. Штамптау өндірісінде роботтар кеңінен қолданылатын операция
- A) Дайындаманы аустыру
  - B) Дайындауға тапсырма беру
  - C) Жоғары беріктікке
  - D) Дайын бұйымдардың техникалық бақылауы
  - E) Коррозиялық тұрақтылыққа
11. Табақша штамптаудың операциясы
- A) Жону
  - B) Зенкерлеу
  - C) Престеу
  - D) Сымдау
  - E) Кесу

12. Сомдау операциясымен салыстырғанда штапмтаудың артықшылығы
- A) Бұйымды престоу жаймалаумен алынатындардан гөрі дәлірек
  - B) Алуан түрлі профильді бұйымдар алады
  - C) Жасап алған бұйымдарға одан әрі механикалық өңдеу қажет емес
  - D) Ол дара өндірісте неғұрлым тиімді
  - E) Аса күрделі поковкалар алу мүмкін емес
13. Сымдау операциясына қолданылатын ережелер
- A) Күштің әсерімен тесік арқылы дайындамаларды тартумен жүргізіледі
  - B) Престелген сым құйылып алынған металл құрылымының іздерін сақтайды
  - C) Алуан түрлі профильді бұйымдар алады
  - D) Бұйымды престоу жаймалаумен алынатындардан гөрі дәлірек
  - E) Металды тоқпақтың бойкасының әсерімен өңдейді
14. Престеудің операциясына қолданылатын ережелер жыйынтығы
- A) Бір уақтылы желіну мен соққыға жұмыс істейтін бұйымдарды ұшыратады
  - B) Металды тоқпақтың бойкасының әсерімен өңдейді
  - C) Дайындаманың беттік қабатына көміртегі ауысады
  - D) Бірқатар профильдерді тек престоумен ғана алуға болады
  - E) Сымдар дайындау үшін басымырақ қолданылады
15. Кері престоу операциясына қолданылатын ережелер
- A) Құйылманы сығу станогында жаймалайды
  - B) Білікшелер дайындаманы төрт жағынан қысады
  - C) Дайындамаларды жаймалау станоктарының арасынан өткізеді
  - D) Престоу кезінде дайындамалар қозғалыссыз қалады
  - E) Бұйымның көлденең қимасы тұйықталған қуыс тесігінің пішініне ие болады
16. Цементацияға жатқызылатын ереже
- A) Бір уақтылы желіну мен соққыға жұмыс істейтін бұйымдарды ұшыратады
  - B) Сұйықтық және газдық болады
  - C) Дайындамаларды жаймалау станоктарының арасынан өткізеді
  - D) Бұйымның көлденең қимасы тұйықталған қуыс тесігінің пішініне ие болады
  - E) Көміртегінің мөлшері 9,08% дайындамаларды ұшыратады

17. Шойындарға тән ережелер
- A) Көміртегінің құрамы 17,14 тен 25,67% аралығында
  - B) Эвтектоидқа дейінгі, эвтектоидтық және эвтектоидтан кейінгі болып бөлінеді
  - C) Көміртегінің мөлшері 0,8% болғанда құрылым перлиттен тұрады
  - D) Көміртегінің мөлшері 11,3% болғанда, құрылым ферриттен тұрады
  - E) Темір мен көміртегінің және тұрақты қоспалардың қорытпалары
18. Темір-көміртекті қорытпалардың күй диаграммасында болаттар құрылымының құрамына жататын
- A) Сорбит
  - B) Феррит
  - C) Меролит
  - D) Корезит
  - E) Ледебурит
19. Зиянды қоспа мен металл емес кірінділерді азайту үшін болатты қорыту әдістері
- A) сәулелік
  - B) электрон-сәулелік
  - C) электрондық
  - D) домналық
  - E) индукциялық
20. Шынықтыру кезіндегі суыту ортасы
- A) Сілтілер
  - B) Азот
  - C) Газ
  - D) Май
  - E) Қышқылдар

### **Материалтану**

### **ПӘНІНЕН СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**

**2-БЛОК: Арнайы пән**  
**Еңбекті қорғау**  
**Бір дұрыс жауабы бар тапсырмалар**

1. Жанып жатқан майды сөндіру үшін пайдаланылатын от сөндіргіш зат  
А) көмір қышқыл газы  
В) күкірт  
С) көбік  
D) су  
E) құм
  
2. Тез өртенетін және жанатын заттар \_\_\_\_\_ топқа бөлінді  
А) 7  
В) 8  
С) 3  
D) 5  
E) 6
  
3. Адамдарға арналған электрлік қауіпсіздік \_\_\_\_\_ критериямен бағаланады  
А) үш  
В) бес  
С) екі  
D) алты  
E) төрт
  
4. Себепсіз кешігу деп есептеледі, егер \_\_\_\_\_ сағат бойы жұмысқа келмесе  
А) 4  
В) 2  
С) 8  
D) 3  
E) 6
  
5. Техника қауіпсіздігі мен еңбек қорғау бойынша талаптарыды орындамаған жағдайда мынадай жауапкершілікке тартылады  
А) ) тәртіптік  
В) тәртіптік, әкімшілік, материалдық, қылмыстық  
С) қылмыстық  
D) ауызша сөгіс  
E) әкімшілік

6. Қауіптілігі жоғары учаскелерде мерзімді (қайталама) нұсқамалық жүргізіледі
- A) екі жылдан кейін
  - B) жыл сайын
  - C) алты айдан кейін
  - D) бір жыл алты айдан кейін
  - E) 3 айдан кейін
7. Жұмыс орнындағы бастапқы нұсқамалық былайша жүргізіледі
- A) жұмысқа қабылданғандардың барлығы үшін, жұмысқа жіберер алдында, сондай-ақ жаңа жұмысқа ауыстыру кезінде
  - B) жұмысқа кірген кезде, кадрлар бөлімінде ресімделгенге дейін
  - C) жұмысқа қабылданғандардың барлығы, сондай-ақ жаңа жұмысқа ауыстыру кезінде
  - D) жұмысшының санитарлық-гигиеналық нормаларды бұзған кезде
  - E) жазатайым оқиға кезінде
8. Жұмыс уақытының ережесінің регламенттелуі аптасына \_\_\_\_\_ сағат
- A) 10
  - B) 24
  - C) 40
  - D) 6
  - E) 12
9. Жұмыс орнындағы нұсқамалардың жүргізілу тәртібі
- A) топтық әдіспен
  - B) бекітілген нұсқаулық бойынша санитарлық дәрігермен
  - C) бекітілген нұсқаулық бойынша инженер экологпен
  - D) бекітілген нұсқаулық бойынша техника қауіпсіздігі жөніндегі инженер
  - E) ) әрбір жұмысшымен жеке жүргізіледі
10. Кіріспе нұсқамалықты жүргізу кезінде мыналарды басшылыққа алған жөн
- A) жазатайым оқиғалар туралы актілерді
  - B) нұсқамалықты жүргізу тәртібі туралы ережені
  - C) ҚР Еңбек туралы кодексін
  - D) санитарлық-гигиеналық талаптарды
  - E) кәсіпорында қолданыстағы өкімдерді
11. Жабық ыдыста сұйық жанғыш заттардың жану температурасы \_\_\_\_\_ °C
- A) 45
  - B) 30
  - C) 50
  - D) 61
  - E) 55

12. Өрттен сақтық аралықтың мөлшері үйлердің өрт қауіптілік категориясы мен от төзімділік дәрежесі бойынша \_\_\_\_\_ метрге тең болады
- A) 6-12
  - B) 9-18
  - C) 5-8
  - D) 9-25
  - E) 9-10
13. Жанатын құрылыс материалдары
- A) Қарапайым, тез жанатын және жанбайтын
  - B) Жанбайтын, жарылатын және тез жанатын
  - C) Қарапайым, тез жанатын және жарылғаш
  - D) Қарапайым, жануы қиын және жанатын
  - E) қарапайым, тез жанатын және қиын жанатын
14. Өрттің хабарлау түрі
- A) түтіндік және аралас
  - B) автоматты және пневматикалық
  - C) қолға ұстайтын және стационарлық
  - D) жылжымалы және жылулық
  - E) жылулық, түтіндік, жарықтық, аралас және ультрадыбысты
15. Жұмысшыларға қауіптілікті хабарлайтын құрылғы
- A) сақтандыру құрылғысы
  - B) бақылап-өлшеу аспаптары
  - C) дыбыстық жарық
  - D) сигналдық құрылғылар
  - E) жеке қорғайтын құрылым
16. Қолға ұсталатын көмірқышқылды бром-этилді өртсөндіргіштің белгісі
- A) ОУБ-7А
  - B) ОУ-5
  - C) ОПС
  - D) ОХП-10
  - E) ОЧ
17. Қатты отындардың жану температурасы
- A) 100°-125°
  - B) 300°-400°
  - C) 200°-405°
  - D) 300°-405°
  - E) 150°-700°

18. Құрылыстардың отқа төзімділігі бойынша \_\_\_\_\_ топқа бөлінуі
- A) 4
  - B) 3
  - C) 6
  - D) 5
  - E) 2
19. Керосиннің өздігінен жану температурасы
- A)  $280^{\circ}$ - $290^{\circ}$
  - B)  $300^{\circ}$ - $415^{\circ}$
  - C)  $300^{\circ}$ - $405^{\circ}$
  - D)  $380^{\circ}$ - $425^{\circ}$
  - E)  $180^{\circ}$ - $225^{\circ}$
20. Стационарлы ауа-көбікті өртсөндіргіштің белгісі
- A) ОВП-100 және ОВПУ-250
  - B) ОПС
  - C) ОХП-10
  - D) ОЧБ-7А
  - E) ОС-8,МД және ОФ-40



***Бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар тапсырмалар***

21. Сүйек сынған кезде көрсетілетін алғашқы медициналық көмек
- A) жеке химияға қарсы пакеттің көмегімен
  - B) қолда бар заттармен
  - C) ылғал жібермейтін киіммен көмек көрсету
  - D) ауруханада жүргізіледі
  - E) апат ошағында өзі жүргізіледі
  - F) массаж жасау арқылы
  - G) табельдік шина қолданылады
  - H) жарақат болған жерді гипстеу арқылы
22. Электр тогының астында қалған адамды босату әдісі
- A) басқа танғыш тану
  - B) апат ошағында өзі жүргізіледі
  - C) жеке химияға қарсы пакеттің көмегімен
  - D) ауруханада жүргізіледі
  - E) зардап шегушіден электрөткізгішті құрғақ таяқпен алып тастау
  - F) тізбекті тоқтан аржырату
  - G) ылғал жібермейтін киіммен көмек көрсету
  - H) зардап шегушіден электрөткізгішті алып тастау
23. Кеудеге танғыш орау тәсілі
- A) орамды
  - B) спиральді
  - C) арнайы
  - D) масақ
  - E) тығыздау
  - F) ылғал жібермейтін
  - G) кресті
  - H) кездейсоқ
24. Алғашқы көмек кезінде жасанды тыныс алу
- A) өкпені басу
  - B) қолды уқалау
  - C) басты уқалау
  - D) ауыздан-ауызға
  - E) ауа жұту
  - F) массаж жасау
  - G) мұрынға-ауыз
  - H) басқа танғыш тану

25. Жартылай санитарлық өңдеу
- A) апат ошағында өзі жүргізіледі
  - B) вазелин, өсімдік майын жағу
  - C) күйген жерге магнезия себу
  - D) жеке химияға қарсы пакеттің көмегімен
  - E) иммобилизация жасау
  - F) жарақат болған жерді гипстеу
  - G) арнайы қобдишамен
  - H) ауруханада жүргізіледі

26. Ғимараттармен үймереттердегі өртке қарсы қоршаулар
- A) бағаналар
  - B) металл есіктер
  - C) шатырлар
  - D) жоғарғы ыстық температура,ылғал жібермейтін киім,ауыр жұмыс
  - E) саңылаулар
  - F) өртке қарсы қабырғалар
  - G) терезелер
  - H) дарбазалар
27. Химиялық күйік кезіндегі алғашқы медициналық көмек
- A) күйіктің бетін 5-8 минут жылы сумен шаю
  - B) күйген жерге бор, магнезия себу
  - C) вазелин, өсімдік майын жағу
  - D) күйген жерге магнезия себу
  - E) күйіктің бетін 15-20 минут суық сумен шаю
  - F) күйіктің бетін 5-7 минут суық сумен шаю
  - G) күйіктің бетін 15-20 минут жылы сумен шаю
  - H) күйген жерге бор себу
28. Адам жараланғанда дәрігерге дейінгі көрсетілетін көмек
- A) жараның бетіне таза шүберек салу
  - B) йод тұнбасын құйып байлау
  - C) жараны сумен жуу
  - D) жанынан байлау
  - E) борлы қышқыл ерітіндісімен жуу
  - F) жараны байлау үшін дәке алу
  - G) май тамызу
  - H) ұнтақ себу
29. Күретамырдан аққан қанды уақытша тоқтатудың әдісі
- A) таза құрғақ матамен жабу
  - B) иммобилизация жасау
  - C) қан тамырдың жоғарғы жағынан қатты таңу
  - D) шина қолдану
  - E) зақымдалған күретамырдың жоғарғы жағынан саусақпен басу
  - F) дәрілерді қабылдау
  - G) мұз басу
  - H) вазелин немесе өсімдік майын жағу
30. Қорғаныш жержалғанысының құрамы
- A) металлдардың сырт қабығы
  - B) металл құбыр
  - C) қорғаныш ағытқыш
  - D) нөлдік ағытқыш
  - E) жерге жалғағыш
  - F) өткізгіш сым
  - G) электрмашиналар
  - H) трансформатор



**Жағдаяттық тапсырмалар**  
**1-жағдаят**  
**Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма**

Химия зауытында слесарь-жөндеуші арнайы химиялық, радиоактивті қондырғыға жөндеу цехында бөлшектеп бөліп, техникалық қызмет жасай бастады. Жөндеуді бастар алдында жарықты, желдеткішті қосып, жұмысын кеш батқанға дейін жалғастырды

31. Жұмыс орнындағы ауаның қозғалу жылдамдығының нормасы, м/с
- A) 1-2
  - B) 1-3
  - C) 1-7
  - D) 1-10
  - E) 1-3
32. Қараңғы немесе жарықтылық жеткіліксіз кезде қолданылатын жарық түрі
- A) аралас
  - B) апаттық
  - C) табиғи
  - D) қосымша
  - E) жасанды
33. Жасанды жарықтың мөлшерін анықтайтын өлшем
- A) люкс
  - B) сантиметр
  - C) ватт
  - D) метр
  - E) ампер
34. Жұмыстан кейін қалып жұмыс істегені үшін төленетін төлемақы
- A) 2 күндік ақшаны төлейді
  - B) бір күндік ақшаны 2 есе төлейді
  - C) бір күндік ақшаны 1,5 есе төлейді
  - D) бір күндік ақшаны 2,5 есе төлейді
  - E) бір күндік ақшаны 0,5 есе төлейді
35. Радиоактивті сәуленің өлшем бірлігі
- A) киловатт
  - B) дәрежелі өлшем
  - C) ватт
  - D) люкс
  - E) бэр

**2-жағдаят****Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма**

Химия зауытында төтенше жағдай орын алды. Кейін арнайы мамандар келіп, тиісті аспаптарды пайдалана отырып, ауаның температурасын, ылғалдылығын, бөлмедегі зиянды заттар мөлшерін анықтап, қорытынды жасады. Сонымен бірге барлық жұмыскерлердің нұсқаудан өтуін талап етті

36. Ауа ылғалдылығын өлшейтін аспап
- A) анемометр
  - B) психрометр
  - C) спидометр
  - D) кататермометр
  - E) барометр
37. Ауа температурасын өлшейтін аспап
- A) анемометр
  - B) барометр
  - C) термометр
  - D) кататермометр
  - E) психрометр
38. Ауадағы зиянды заттардың концентрациясын өлшейтін аспап
- A) гигрометр
  - B) гигрограф
  - C) газоанализатор
  - D) психрометр
  - E) анемометр
39. Жұмыскерлердің өтетін нұсқау түрі
- A) қайталама
  - B) жоспардан тыс
  - C) жұмыс алдындағы алғашқы
  - D) мерзімдік
  - E) кіріспе

40. Химиялық қауіпті және зиянды өндірістік факторларға жататындар
- A) уландырғыш, қоздырғыш, түршіктіргіш, жүрек айнытатын заттар
  - B) жүйке тозуы
  - C) дененің қызуы
  - D) қозғалыстағы машиналар
  - E) вирустар, бактериялар

**Еңбекті қорғау**

**ПӘНІНЕН СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**